

Әкімдіктің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 42 "Мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 272 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 шілдеде № 9-4-165 тіркелді

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 1-бабы 7) тармақшасына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 8-бабы 4-тармағына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 42 қаулысына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық кесімдердің тізілімінде № 9-4-160 болып тіркелген, 2010 жылғы 18 наурыздағы "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-тармақтарында "мүгедектер және бала кезінен мүгедектер" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

В. Радченко

КЕЛІСІЛДІ:

"Лисаков қаласы әкімдігінің
білім бөлімі" ММ бастығы

_____ *Е. Бурдыка*